**Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС "ЕЛАМАН"балабақшасы**

Топ: **«Құлыншақ»** орта топ

Балалардың жасы: **3-4 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.**

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қыргүйек | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.<br>**Ән айту.**<br>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. |